

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Академиялық және Цифрлық Инновациялар кеңсесі

**MOODLE-ДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУ
КУРСТАРЫН ЖӘНЕ ОҚУ ҮРДІСІН БАСҚАРУ**
(оқытушыларға арналған нұсқаулық)

Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
1. MOODLE ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ.....	4
1.1. Moodle ҚОЖ-не кіру	4
1.2. Пайдаланушының жеке парақшасы	5
2. MOODLE ҚОЖ-дегі оқыту курстары	9
2.1. Moodle ҚОЖ-де оқу курстарымен жұмыс	9
2.2. Курсты әзірлеуге арналған құрал жабдықтар	13
2.2.1. Парақша.....	13
2.2.2. Гиперссылка	13
2.2.3. Файл. Папка	14
2.2.4. Дәріс	14
2.2.5. Тапсырма.....	18
2.2.6. Тест	26
2.2.7. Форум	37
2.2.8. Чат.....	39
3. MOODLE ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАҒАЛАУ	40
3.1. Баға қою	40
3.2. Бағалау туралы есеп.....	42
СІЛТЕМЕЛЕР МЕН ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР.....	43

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Moodle – Moodle – Modular Object-Oriented Dynamic Learning Environment аббревиатурасы (модульдік нысанды-бағытталған динамикалық оқыту ортасы). Moodle – ең алдымен білім алушылармен оқытушының қарым-қатынасын ұйымдастыруға арналған бағдарланған, қашықтықтан оқыту жүйесі, Moodle оқуды басқару жүйесінің LMS (Learning Management System) класына жатады.

Қашықтықтан оқыту (ҚО) – бұл өндірістен қол үзбей, үйден шықпай, оқу орнына қатынамай, заманауи ақпараттық технологиялар көмегімен оқыту.

Қашықтықтан білім беру жүйесі (DLS) - білім беру қызметін басқаруға, оқыту материалдарын әзірлеуге, басқаруға және таратуға мүмкіндік беретін қолжетімділікті қамтамасыз ететін жүйе.

Университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ААЖ) - студенттердің, мұғалімдердің, студенттердің іс-әрекеттерінің және оқытушылар мен әкімшіліктердің барлық аспектілерінде ұтқырлық пен мөлдірлік қағидаттарына негізделген білім беру үдерісімен байланысты барлық бөлімдердің жұмысын автоматтандыруға арналған бағдарламалық шешім.

HTML (HyperText Markup Language ағылшын тілінде – «гипермәтінді белгілеу тілі») – компьютердің монитор экранында немесе мобилді құрылғы экранында браузерлер түсінік беру нәтижесінде алынған форматталған түсіндірме текст бейнеленетін, стандартталған құжаттарды белгілеу тілі.

1. MOODLE ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Moodle қашықтықтан оқыту сервері <http://dl.kaznu.kz> мекен-жайында орналасқан (1-сурет). Moodle жүйесінде жұмыс істеу интернет браузері арқылы жүзеге асады. Жүйенің толық функционалдығы ұсынылған браузерлер көмегімен ашылады:

- Google Chrome;
- Mozilla;
- Safari;
- Opera.


! Сайттың дұрыс жұмысы үшін соңғы браузерлердің соңғы версиясын пайдаланыңыз.



1 сурет – ҚОЖ Moodle негізгі терезесі

1.1 Moodle ҚОЖ-не кіру


Жүйеге кіру үшін беттің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан **кіру сілтемесіне** өтіп, блоктың тиісті өрістеріне логин мен парольді енгізіңіз (<https://univer.kaznu.kz> жүйесінде қолданатын) (2-сурет) және **Moodle-ге кіру** түймесін басыңыз.



2 сурет – ҚОЖ Moodle-де авторизация жасау


1.2 Қолданушының жеке парақшасы

Егер логин мен пароль дұрыс енгізілсе, жүйе қолданушыға сәлемдесіп беттің жоғарғы оң жақ бұрышында аты мен тегін көрсете отырып, ашылады (3-сурет).




3 сурет– Қолданушының жеке парақшасы

Жеке парақшаның бетінің жалпы көрінісі (4-сурет).



4 сурет – Қолданушының жеке парақшасының жалпы көрінісі

Жеке ақпаратты өңдеу үшін сіз бұрын жүйе бетінің жоғарғы оң жақ бұрышындағы аты мен тегі бар сілтемені таңдауыңыз керек. Тінтуірдің сол жақ батырмасы арқылы ашылмалы тізім ашылады (5-сурет) және сіз өзіңіздің жеке түйіндемеңізге өтуіңізге болады. Ашылған бетте пайдаланушы туралы ақпарат, бағалау, күнтізбе, хабарлама, жеке файлдар, есептер, параметрлерді қарау, тілді өзгерту және пайдаланушының жазбасынан шығу (пайдаланушыны өзгерту) батырмалары бар.




5 сурет – Қолданушының жеке кабинетінің мәзірі

1 Жеке кабинет сізді өзіңіздің жеке кабинетіңізге қайтарады.

Қолданушы туралы. Пайдаланушының жалпы ақпараты орналасқан бөлім. Бұл бөлімді ҚОЖ-нің барлық пайдаланушылары көреді. **Қолданушы туралы барлық мәліметтер оның жеке карточкасында болады.** Қолданушылар туралы мәлімет бетіне ауысу үшін қолданушы панеліндегі

қолданушының суретін немесе атын басу керек.



6 сурет – Қолданушы туралы парақшасы

– Қолданушы туралы толық ақпарат (**Өзгертуді** басып өзіңіз туралы ақпаратты: АЖТ, мекен-жайыңызды, электронды поштаңызды, сағаттық белдеу орнатуыңызға және т.б. өзгертуге болады)

– Есептер (оқиғалар статистикасын, есептерді және бағалар бойынша есептерді көрсетеді);

– Курс туралы мағлұмат (ағымдағы семестрде сіз оқитын немесе жүргізетін курстардың тізімі)

– Кіру уақыты (бірінші және соңғы кіру уақыттары және IP мекен-жайы)


– Өртүрлі (жазбалар, хабарламалар, форумдар, тақырыптар форумдар, оқу жоспарлары).

2 Бағалар. Бағалау блогындағы **Өзгерту** бөлімінде көрінетін ҚОЖ-де орындалған барлық тапсырмаларға бағалау жүйесі орналасқан. Әрбір қолданушыға журнал тек өзінің бағалары көрінеді.

3 Күнтізбе. Күнтізбеде тек курс оқиғалары ғана емес (тапсырмалар, тесттер, чаттар және т.б.), сонымен қатар курс қатысушылары қолмен қосатын оқиғалар көрсетіледі. Күнтізбе Сізге өзіңіздің жұмыс кестеңізді жүргізуге және жұмыс кестесін икемді жоспарлауға мүмкіндік береді.

4 Хабарламалар. Сайтта пайдаланушылар үшін ыңғайлы байланыс құралы бар-Moodle ішкі пошта хабарламалары. Хабар алмасу жеке блок түрінде көрсетіледі, онда сіз әңгімелесушілердің тізімін таңдай аласыз, оқылмаған хабарламаларды көре аласыз, хабарлама тарихын қадағалай аласыз және нақты пайдаланушылардан хабарламаларды бұғаттай аласыз.

5 Баптау. Баптау панелінде келесі баптау топтары бар: Есептік жазба, Рөлдер, Белгілер (7-сурет).



7 сурет– Баптау парақшасы

6 Шығу. ҚОЖ Moodle шығуға арналған.

2. MOODLE ҚОЖ-дегі оқыту курстары


Univer жүйесінде тіркелген барлық курстар, қолданушының жеке парақшасында көрінеді.

Оқу курсы объектілер түрінде рәсімделген оқу материалдар жиынтығы: **Ресурстардан** (Теориялық материал) және **Элементтерден** (Практикалық бөлім) құралған.

2.1. Moodle ҚОЖ-де оқу курстарымен жұмыс


Курспен жұмыс жасау, яғни материалдарды жүктеу, курстар тізімінен пәнді таңдаудан басталады. Пәнді таңдағаннан кейін курстың парақшасында апталар бейнеленген.

Ресурстар мен интерактивті элементтерді қосу өңдеу режимі. Оны іске қосу үшін басты беттің жоғарғы оң жақ бұрышындағы жүгірткіні аударыңыз (8-сурет).




8 сурет – Өңдеу режимі

Жүгірткіні қайта басқан кезде-өңдеу режимі өшіріледі (9-сурет).




9 сурет – Өңдеуді аяқтау

Пән ашылғаннан кейін бірінші тармақта Жалпы деген жазу болады, одан әрі апталар бойынша пәндер өткізілетін күндер тұрады (10-сурет).



10 сурет– Жалпы

Курс материалдарын ұсыну үшін өңдеу режимінде Moodle құралдарына (модульдеріне) өтіңіз. Ол үшін Сіз толтырғыңыз келетін курс апталарына элемент немесе ресурс қосу түймесін басыңыз. Құралдардың кең мәзірі пайда болады (11-сурет).




11 сурет– Құрал-жабдықтар мәзірінің көрінісі

Құрал-жабдықтар Moodle ҚОЖ-де келесідей екіге бөлінген:

- интерактивті-курс элементтері (12 сурет)
- статикалық- курстың ресурстары (13 сурет)


Қажетті элементті мәзірдің оң жағына меңзерді тартып таңдауға болады.



12 сурет – Курстың интерактивті элементтерінің мәзірі

Курстың интерактивты элементтеріне:

- Сауалнама ;
- Деректер базасы;
- BigBlueButton Видеоконференциясы;
- Вики;
- Сыртқы-қосымша;
- Глоссарий;
- Тапсырма;
- Дәріс;
- Сауалнама;
- Пакет SCORM;
- Семинар;
- Тест;
- Форум;
- Чат.



13 сурет – курстың ресурстар мәзірі

Курстың ресурстарына:

- Гиперссылка;
- Кітап;
- IMS мазмұнды жиынтығы;
- Папка;
- Түсіндірме;
- Парақша;
- Файл.

! Элементті немесе ресурсты қосу мәзірінің оң бөлігінде, таңдаған элемент немесе ресурсыңыз туралы жұмыс жасауда қажет болатын ақпарат орналасқан.

2.2. Курсты әзірлеуге арналған құрал-жабдықтар

Оқытушының курсының эффективті Moodle-дің құрал-жабдықтары кестеде келтірілген:

Дәріс элементтері	Тапсырмалар
Парақша	Тест
Гиперссілтеме	Тапсырма
Файл, Папка	Форум, чат
Дәріс	Глоссарий
Книга	Семинар

2.2.1. Парақша элементі

Осы элемент-бұл курстың ресурстарының ішіндегі, HTML редакторы көмегімен оқытушыға Веб-парақша құруға мүмкіндік береді. Парақшада: мәтін, сурет, дыбыс, бейне, веб-сілтемелер және ендірілген код, мысалы, Google Maps бейнеленуі мүмкін.

Парақша ресурсын қолданудың артықшылығы Файл ресурсымен салыстырғанда ресурсты айтарлықтай қолжетімді және оңай жаңартылады. Үлкен көлемді контент болғанда **Парақшаның** орнына **Кітап** қолданған дұрыс.

Парақша:

- Курстың шарттарын, мерзімін немесе курстың бағдарламасын ұсынуға;
- Түсіндірме ретінде әртүрлі видео-дыбыстық файлдарды енгізуге қолданылады.

2.2.2. Гиперссілтеме

Бұл Интернетте орналасқан кез-келген ресурспен байланыстыратын қарапайым веб-сілтеме жасайтын элемент. Мүмкіндігінше сілтеме бойынша парақшаның сайттың басты бетіне өтпеу. Нақты веб-сайттың мекен-жайын қолданған дұрыс. Оқытушы Flickr, YouTube, Wikimedia және т.б. қоймасындағы сілтемерді қолдана алады (сайт үшін рұқсат етілген қоймаларға байланысты).

Сілтемені көрсетудің екі түрі бар: парақшаның ішінде орналасқан немесе жаңа терезеде ашылатын.

Сілтемеге қажеттілігіне қарай қосымша ақпарат енгізуге болады, мысалға білім алушының есімін.

! Гиперссілтеме курстың кез-келген басқа ресурсына немесе элементіне тексттік редактор арқылы енгізілуі мүмкін.

2.2.3. Файл. Папка

Файл және папка ресурстарының айырмашылығы, Файл-бір ғана файл жүктеуге, Папка ресурсында – шексіз файлдар жүктеуге мүмкіндік береді.

Файл модульі оқытушыға файлды курстың ресурсы ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Жасалған файл, курс интерфейсінде орналасады, білім алушыға жүктеу ұсынылады. Файл қосымша элементтерді қосуы мүмкін, мысалы HTML-парақшасы кіріккен сурет немесе флэш-объекттер.

! Файлды жүктеу үшін, білім алушылардың компьютерлерінде сәйкесінше бағдарламалық қамтамасыз ету болуы керек.


Файл қолдануы мүмкін:

- деректерді ауқымды қолдану үшін
- курстың ресурсы ретінде мини-сайтты қосуға;
- белгілі бағдарламалар жобасының файлдарын (мысалы psd photoshop үшін), білім алушылар өзгертіп бағалауға ұсынуға.

2.2.4. Дәріс

Оқытушыға дәріс немесе практикалық тапсырмаларды (тестілер) қызықты әрі икемді нысанда орналастыруға мүмкіндік беретін, белсенді элемент. Оқытушы дәрістің бірқатар теориялық беттен тұратын сызықты схемасын немесе білім алушыға арналған әртүрлі жолдар мен варианттардан тұратын ағаш пішіндес схеманы қолдануы мүмкін.

Дәрісті жасау үшін мәзірдегі **Дәріс** пунктін таңдаңыз (14-15 сурет).




14 сурет - Дәріс элементін қосу

Оқытушы кез-келген жағдайда өзара іс-қимыл және бақылауды, түсінуді белсенділікті ұлғайту үшін әр түрлі типті: **көпті таңдау, сәйкестік және қысқа жауабы бар сұрақтар** пайдалана алады. Білім алушының таңдаған жауабы мен стратегиясына байланысты оқытушының дәрісті жасауына қарай, білім алушы немесе келер бетке өтеді немесе тіпті басқа жолмен ары қарай бағытталуы

мүмкін.

Дәрісті бағалауға болады, бағалар (баллдар) бағалар журналына жазылады. Дәрістер келесідей қолданылу мүмкін:

- өз бетінше жаңа тақырыпты меңгеруде;
- сценарийлер немесе жаттығулар үлгілеу бойынша/шешімдер қабылдауда;
- әртүрлі сұрақтар тобының алғашқы сұрақтардың жауаптарына байланысты бақылауда;




15 сурет– Дәріс элементін жасауға арналған парақша

Дәріске:


- Сұрақтар импорттауға (импорт мәтіндік файлдан, сұрақтардан тұратын белгілі форматтағы файл арқылы жүзеге асады);
- Кластер қосу (қосымша сұрақтар үшін қолданылады);
- Ақпараттық бет/бөлімнің мазмұнын;
- Сұрақтары бар бет қосуға болады

Дәрістің негізгі беті – бұл сұрақтары бар бет. Парақшаның басында оқу материалынан түсіндірме фрагмент, ал соңында игерілген фрагментті тексеруге сұрақтар беріледі, егер сұраққа дұрыс жауап берілсе, келесі бет жүктеледі, дұрыс жауап берілмесе онда білім алушыға игерілмеген оқу материал фрагментін қайта игеру ұсынылады (16 сурет).



16 сурет – Сұрақтары бар бетті қосу


Ашылған жаңа бетте сұрақтың типін таңдаңыз, Сұрақтары бар бетті қосу батырмасын басыңыз (17-18 сурет).



17 сурет– Сұрақтың типі


Берілген дәрісте сұрақтың келесі типтерін қолдануға болады:

- *Дұрыс/Дұрыс емес* - жауаптын екі нақты вариантын Дұрыс немесе Дұрыс емес;
- *Қысқа жауап* - екі жауаптың тек біреуін таңдауға мүмкіндік береді;
- *Бірнеше таңдау* - берілген тізімнен бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға мүмкіндік береді;
- *Сәйкестікке* - бірнеше сұрақтардың әрқайсысына жауаптар ықтимал тізімнен таңдап алынады;
- *Сандық* - қысқа жауап сияқты, тек студент жауап ретінде сан жазуы керек;
- *Эссе* - қысқа эссені жауап ретінде жазу керек. Мұғалім бұл сұрақты қолмен бағалайды.



18 сурет – Сұрағы бар парақшаны жасау

Жауап элементінде, берілген сұраққа дұрыс жауапты енгізу керек, келесі **Жауапта** мәтіндік сүйемелдеуі болу мүмкін (оқытушының қалауына қарай), жауапты таңдағанда көрсетіледі. Әрбір жауаппен ауысу байланысқан. Әдетте, бірінші жауаптан соң дәрістің келесі бетіне өтеді. Кейінгі жауаптар ағымдағы бетке ауысады, сондықтан бірінші жауапты таңдамаған жағдайда студент сол бетті қайтадан көрсетеді (19 сурет).




19 сурет – Тесттің жауабы

Жасалған дәрістің парақшасын өзгерту үшін (20 сурет):

1 Дәрісті ашу;


- 2 **Өңдеу режиміне** кіреміз (Өзгерту қойындысы);
- 3 Қажетті парақшаның тақырыбында орналасқан **Өңдеу** батырмасын басамыз.



20 сурет– Дәрістің және оның элементтерін өзгерту

Дәрістің баптауын өзгерту үшін:

- негізгі курс бетін ашыңыз және **Өңдеу** режиміне кіріңіз;
- дәріс тақырыбының жанындағы **Өңдеу** батырмасын басыңыз (21 сурет).




21 сурет – Дәрістің баптау

2.2.5. Тапсырма

Тапсырма элементі оқытушыға білім алушылардың жауапты электрондық формада (қандай да бір форматта) дайындауды және серверге жүктеуді талап ететін тапсырмаларды жіберуге мүмкіндік береді. Тапсырманы тексергеннен кейін оқытушы жұмысты бағалап пікір жаза алады.


Өңдеу режимінде **Элементті немесе ресурсты қосуды** тандап, ашылған тізімнің ішінен **Тапсырма** элементін таңдаңыз (22 сурет).



22 сурет – Тапсырма элементін қосу


Тарсырма элементін қосу барысында ашылған жаңа бетте тапсырманың тақырыбы мен **Сипаттау** бос алаңына тапсырманың берілуін немесе шартын енгізу керек.

Егер **Сипаттауды/курстың кіріспе бөлігінде көрсетуді** таңдасаңыз, онда сіз сипаттаманы курс ресурсына немесе элементіне сілтеме жасау арқылы курс бетінде көрсетілетініне келісесіз (23 сурет).



23 сурет – Тапсырманы жасау парақшасы

Қосымша файлдар бөлімінде **Сипаттама** элементіндегі тапсырмалардың толық сипаттамасынан кейін оқытушы кез келген қосымша файл түрін (кестелер, сызбалар, суреттер, диаграммалар және т.б.) жүктей алады (24-сурет).




24 сурет– Қосымша материалдар жүктеу

Тапсырманы орындауға рұқсат бөлігінде тапсырманы орындауға кететін белгілі бір уақыт көрсетіледі. Егер белгілі бір уақыт көрсетілсе онда білім алушылар сол уақыт болмай тапсырманы орындай алмайды. Егер ол бөлікте нақты уақыт көрсетілмесе онда білім алушылар бірден өз жұмыстарын ұсына алады. Тапсырманы орындау уақытын беру үшін, сәйкесінше сол жолды қосу керек (25 сурет).

Соңғы мерзім элементі тапсырманы орындаудың соңғы мерзімін тағайындауға және белгілі уақытта жабу мүмкіндігін көрсетеді. Соңғы мерзімнен кейін жіберілген тапсырмалар кешіктіріліген тапсырмалар болып есептелінеді. Белгілі бір күннен кейін жауап жіберуді болдырмау үшін **Жіберуге тыйым салу** элементінде мәндерді орнатыңыз. Өз кезегінде, **Жіберуіге тыйым салу** элементі жауаптардың осы күннен кейін жіберілмейтінін білдіреді.

Әрқашан Сипаттаманы көрсету элементі белсенді болуы тиіс, әйтпесе білім алушылар тапсырманы орындауға рұқсат берілген күнге дейін тапсырманың сипаттамасын көре алмайды.



25 сурет – Тапсырманы орындалу уақыты

Жауаптарды беру түрлері бөлімі -оқытушы білім алушыға мәтін түрінде жауап немесе файл түрінде жауап беруге рұқсат беру құқығын береді (26-сурет).

26 сурет– Жауапты ұсыну типтері

Мәтін түріндегі жауап білім алушының мәтінді редактор алаңында енгізе алатынын білдіреді.

Файл түріндегі жауап білім алушының өз жауабы ретінде файлды жүктеуіне мүмкін береді. Файл түрін оқытушы анықтайды. Бұл MS Word құжат түріндегі эссе, PowerPoint түріндегі презентация, MS Excel және т. б. түріндегі кесте болуы мүмкін.

Сөздер лимиті білім алушының жауабында болатын сөздердің ең көп санын анықтайды.

Жүктелетін файлдардың ең көп саны білім алушы жауап беру үшін қанша файлды жүктей алатынын анықтайды.

Файлдың ең үлкен өлшемі білім алушыға жүктелетін файл өлшемінің шектеуін анықтайды.

Пікір типтері бөлімінде оқытушының алған жауаптарын бағалау типтерінің негізгі элементтері ұсынылған (27-сурет).

27 сурет– Пікірлер типі

Пікір элементі пікір түрінде оқытушы әрбір жауапты түсіндіре алатынын білдіреді. **Пікір ретінде шолу элементі таңдалса**, енгізілген пікір элементі іске қосылады. **Иә** параметрін таңдағанда, бағалау кезінде жауаптың мәтіні кері байланыс кезінде түсініктеме жолында көшірілетін болады. Бұл оқытушыға түсініктемені оңай кірістіруге (түсініктемені басқа түспен беруге болады) немесе бастапқы мәтінді өңдеуге мүмкіндік береді.

Файл түріндегі пікір оқытушының тапсырманы бағалау кезінде пікірмен файлдарды жүктей алатынын білдіреді. Бұл файлдар жазбаша пікірмен білім алушының жауабымен белгіленуі мүмкін.

Бағалар ведомосы оқытушының тапсырманы бағалау барысында білім алушылардың бағалары бар ведомостін жүктей алады.

Жауаптар параметрі бөлімі (28 сурет).

Параметр	Значение
Требовать нажатия кнопки «Отправить»	Нет
Требовать, чтобы студенты принимали условия представления ответов	Нет
Дополнительные попытки	Автоматически (до проходной оценки)
Максимальное количество попыток	Не ограничено

28-сурет – Жауаптың параметрлері

Батырманы басуды және жіберуді талап ету элементінде Иә таңдаңыз, яғни білім алушыдан **Жіберу** батырмасын басуын талап етеді, өз жауабының өңдеуді аяқтағанын білдіреді. Егер бұл параметр Жоқ мәнімен ауыстырылса онда жауаптар соңғы деп қабылданады.

Студенттер жауап беру шарттарын қабылдауды талап ету элементінде әдепкі параметрді қалдырыңыз-жоқ.

Жаңа мүмкіндік беру элементінде білім алушының өз жұмысын ұсынудың жаңа мүмкіндіктері ұсыналыды. Келесі параметрлерді таңдау мүмкіндігі бар:

- **Ешқашан**-білім алушы жұмысты қайта ұсына алмайды;
- **Қолмен**-оқытушы білім алушыға жұмысты қайта ұсынуға рұқсат бере алады;
- **Автоматты түрде** (өтпе бағаға дейін) – өтпе баға жеткенше – білім алушының жұмысты қайта ұсынуына осы тапсырма үшін **Бағалау журналында** белгіленген баға мәніне жеткенше (санат бөлімі және бағалау элементтері) автоматты түрде рұқсат етіледі.

Максималды жіберу мүмкіндігі элементі білім алушының жұмысты жібере алу санын көрсетеді. Жіберу мүмкіндігінің санын толығымен қолданғаннан кейін білім алушы тапсырмаға жауап жібере алмайды.


Сонымен қатар, егер жоғары да **Ешқашан** параметрі белгіленген болса, онда элементтің бұл параметрі өзгертілмейді және үнсіз келісім бойынша **Шексіз** болып қалады.

Тапсырмалар баптауының келесі бөлімі, ол **Топтың жұмыстарын көрсету баптауы**.

Студенттердің топтық жауабы элементі, егер **Иә** параметрі таңдалынса, онда білім алушылар үнсіз келісім бойынша немесе белгілі ағындар бойынша топтарға бөлінетінін анықтайды. Топтың жауабы топ мүшелері арасында үлестірілуі мүмкін. Соған қарамастан, топтың барлық мүшелері, көрсетілген жауаптардағы өзгерістерді көріп отырады.

Топтың барлық мүшелері жауап жіберу талабы, егер **Иә** параметрі таңдалынса, онда білім алушылар тобының барлық мүшелері **Жіберу** батырмасын топтың жауабы жіберілген болып саналу үшін басулары тиіс. Егер **Жоқ** болса, онда топтың жауабы, білім алушылар тобының кез-келген мүшесі **Жіберу** батырмасын басқаннан кейін топтың жауабы жіберілген болып саналады.

Студенттер тобының ағыны элементі бос және таңдалынбайтын болып табылады (29-сурет).




29-сурет – Топтың жұмысын көрсету баптауы

Хабарландыру бөлімі (30сурет).

Жауаптарды жіберілгені туралы оқытушыны хабарлау элементі, оқытушы білім алушылар тапсырманың жауабын қойылған мерзімнен бұрын, уақытылы немесе бекітілген мерзімнен кейін жіберген сайын хабарлама алады, сонымен қатар, **Оқытушыны тапсырманың жабылу мерзімі туралы хабарлау** элементі егер білім алушылар өз жауаптарын бекітілген мерзімнен кейін жіберген болса, оқытушыға арнайы хабарлама келеді.

Студенттерді хабарлау үшін үнсіз келісім бойынша мәні элементі **Студенттерді хабарлау** жолындағы бағалау флажогы формасында үнсіз келісім бойынша орнатылады.



30-сурет – Хабарландыру

Бағалау бөлімшесі келесі маңызды элементтерді құрайды (31-сурет).

Бағалау элементі, осы белсенді элемент үшін қолданылатын, бағалау типін таңдауға мүмкіндік береді. Егер Шкала таңдалса, онда шыққан тізімдегі керекті шкаланы таңдауға болады. Баллмен бағалауды пайдалғанда осы элемент үшін қолжетімді максималды баға орнатылады.

Бағалау әдісі элементі берілген контекстіндегі бағаларды есептеу үшін қолданылатын бағалау әдісін таңдауға мүмкіндік береді.

Түрлері:

- Қарапайым тікелей бағалау;
- Бағалаушының анықтамасы;
- Рубрика.

Алдыңғы бағалау әдісін өшіру және стандартты механизмге қайтару үшін,

Қарапайым тікелей бағалау таңдаңыз.

Бағалау санатының элементінде таңдау жоқ және осы белсенді элементтің бағалары орналастырылатын бағалау журналында санатты анықтайды.

Тәуекелді бағалау элементі дегеніміз білім алушының тегі аты оқытушыға белгісіз болады, сондықтан сондықтан біз әдепкі мәнді қалдырамыз-**Жоқ**.

Егер кезенді бағалауда қолданатын элементін параметрі **Ия** болса, онда баға білім алушыға қол жетімді болғанға дейін бағалау процесінде бірқатар қадамдар арқылы өтеді. Бұл бірнеше бағалау циклін өткізуге мүмкіндік береді, содан кейін бір мезгілде барлық білім алушыларға арналған бағалар шығарылады.

Бекітілген бағалаушыларды пайдалану элементі дегеніміз-егер **Кезенді бағалауды қолдану** элементі қосылған болса, бағалаушылар нақты білім алушыларға бекітілуі мүмкін екенін білдіреді.

31 сурет – Баға

Модулдің жалпы баптауы бөлімінде оқытушы **Қолжетімділік** элементіне көңіл аудару керек, параметріне қарай **Көрсету** немесе **Жасыруды** таңдап тапсырманы көрсетпей жасырып қоюға болады (32 сурет).

32-сурет – Модульдің жалпы параметрлері

Идентификатор элементі баллды есептеу кезінде курс элементін идентификациялау тәсілін қамтамасыз ететін, сәйкестендіру нөмірін орнатуды білдіреді. Егер элемент баллды есептеуге қатыспаған болса, онда идентификациялық нөмір өрісін бос қалдыруға болады.


Топтық режим элементі. Бұл элементте автоматты түрде **Топтар жоқ** параметр құрылады, себебі курстың өзінің параметрлерінде (**Топ** бөлімінде және **Топтық режим** элементінде) **топтар жоқ** параметрі таңдалған.

Ағын элемент таңдаусыз және әрқашан бір параметр –**Бос**.

Қолжетімділікті шектеу бөлімшесінде пайдаланушының күні, бағасы, бейіні бойынша қолжетімділікті, күрделі логиканы қолдана отырып шектеулерді анықтауға болады.

Барлық параметрлерді өңдеу аяқталған соң, **сақтау және курсқа оралу** түймесін басыңыз.


Автоөңдеуден кейін **Тапсырма** элементін көрсететін курс бар терезе ашылады. (33-сурет).



33-сурет – Тапсырма элементі

2.2.6. Тест

Өңдеу режимінде **ресурсты немесе элементті қосу**, ашылған тізімнен **Тестті** таңдау (34-сурет).




34-сурет – Тест элементі

Ашылған **Тест** бетте тестілеудің атауын енгізу қажет. **Кіріспе** элементінде (оқытушының қалауы бойынша) білім алушылар үшін тестте қанша сұрақ, оның қалай бағаланады (балл диапазоны), нәтижелер қорытынды бағаға қалай әсер ететіні немесе әсер етпейтіні және т. б. туралы сипаттама енгізу қажет.


Бұдан әрі **курс бетінде сипаттама/кіріспе** немесе жоқ көрсетуді шешу керек. Егер сіз келіссеңіз, онда шешіміңізді растаңыз және кіріспе курс бетінде

ресурс немесе курс элементіне сілтеме жасай отырып көрсетіледі. (35-сурет).



35-сурет – Тест жасау үшін арналған бет

Синхрондау бөлімшесінде тест орындауға уақыт лимитін және оны өтуге болатын уақыт кезеңін көрсетуге болады. (36-сурет).



36-сурет - Синхрондау

Тестілеудің басталуы осы тест ашылатын күн мен уақытты көрсетуге мүмкіндік береді, яғни тапсыру үшін қол жетімді болады.

Тестілеудің аяқталуы осы тест жабылатын күн мен уақытты көрсетуге мүмкіндік береді, яғни тапсыру үшін қол жетімді болуын тоқтатады.


Уақытты шектеу тестті орындау ұзақтығын орнатуға болады.

Егер білім алушы тестке берілген уақыт аяқталғанға дейін әрекет жібермесе **уақыт өткеннен кейінгі** элемент не болатынын анықтайды. Егер білім алушы осы уақытта тестпен белсенді жұмыс істесе, кері есептеу таймері

әрдайым оның әрекетін автоматты түрде жіберетін болады. Бірақ егер білім алушы жүйеден шықса, онда бұл параметр не болатынын анықтайды.

Жеңілдетілген уақыт кезеңі элементінде оқытушы уақыт өтіп кеткен және жеңілдікті кезеңге жіберуге рұқсат ету параметрі таңдалған жағдайда қосымша **уақыт ұзақтығын қоса алады, бірақ кез келген жауаптарды өзгертпеуі мүмкін.**

Бағалау кіші бөлімінде тест үшін балл қою параметрлері қойылады (37-сурет).



37-сурет – Бағалау

Бағалау санаты – осы модификацияда Moodle дәрежелері жоқ, сондықтан өріс дәрежесіз қалады.

Әрекет саны, яғни білім алушы тесттен қанша рет өте алатын әрекет санын анықтайды. Егер тест өтілген болса, 1 (бір) әрекетті орнату ұсынылады. Басқа да әрекеттер санын көрсету мүмкіндігі бар.


Бағалау әдісі білім алушының соңғы балл өлшемін жасауға мүмкіндік береді. Тесттен өтуден бірнеше әрекет жасаған соң білім алушы әр түрлі нәтиже алу мүмкін, мысалы әр түрлі балл жинауы мүмкін. Жиынтық бағаны есептеу үшін келесі әдістер қолданылуы мүмкін:

- Жоғары баға (тестілеудің барлық әрекеттерінен ең жоғарғы балл қойылады);
- Орташа баға (тестілеудің барлық әрекетінен орташа арифметикалық балл қойылады);
- Бірінші әрекет (бірінші өткен тест бойынша балл қойылады, тестілеудің барлық басқа әрекеттері ескерілмейді);
- Соңғы әрекет (соңғы өткен тест бойынша балл қойылады, тестілеудің барлық басқа әрекеттері ескерілмейді).

Орналастыру бөлімінде парақшадағы тест сұрақтарын орнын реттеуге болады (38- сурет).


Жаңа парақшаның бұл элементі әр қайсысында сұрақтардың шектелген санымен бірнеше парақшадағы ұзын тесттерді бөледі. Тестке сұрақтарды қосу кезінде Парақшалардың ажырауы осы баптауға сәйкес автоматты түрде қосылып отырады. Болашақта парақшалардың ажырауы түзету парақшасында қолмен

ауыстыра алады.



38-Сурет – Орналасуы

Сұрақ қасиеті бөлімшесінде тест сұрақтарындағы жауаптар орналысуы орнатылады. (39-сурет).



39-сурет – Сұрақтың қасиеті

Егер **Жауаптардың кездейсоқ** элементі қосылған болса, («ия» параметрі) онда әр сұрақ жауаптарының нұсқалары әрбір жауап үшін сәйкес баптау шарты бойынша білім алушы әрбір жаңа әрекет бастағанда кездейсоқ түрде араласып отырады. Бұл параметр тек жауап нұсқалары бар сұрақтар типі үшін ғана қолданылады. (**Көптік таңдау және сәйкестікке**) берілген функцияны болдырмау кезінде жауаптар жазылған кезіндегі орнын сақтап қалады.

Сұрақтар тәртібі режимі элементі білім алушының нақты сұраққа жауап қабылдау режимін орнатады. Білім алушылар тест сұрақтары мен әртүрлі ерекше тәсілдер көмегімен әрекет ете алады.

Білім алушылар әр сұраққа жауап беру кезінде жедел пікір алады және егер олар бірінші мүмкіндікте дұрыс жауап бермесе, онда төмен баға алу мүмкіндігімен қайта әрекет жасауға мүмкіндік алады.

Мұндай режимға төмендегілер жатады:

- Бейімделген режимі;
- Бейімделген режимі(айыппұлсыз);
- Бірнеше әрекетпен интерактивты.

Егер білім алушы қателерін жөндеу құқығынсыз дұрыс немесе дұрыс емес жауап бергенін біле тұрып, әрбір сұраққа пікір алуы қажет болса, онда келесі режимдерді таңдау керек:


- Жедел пікір;
- Жауапқа деген сенімділікті есептедегі жедел пікір;

Егер білім алушы әр сұраққа баға мен пікірсіз жауап беруі тиіс болса, содан

кейін ол барлық тест нәтижелерін көрсе, онда режимдерді таңдау керек:

- Кейінге қалдырылған пікір;
- Жауаптың сенімділігін ескере отырып, кейінге қалдырылған пікір.

Қаралым баптауы бөлімшесі білім алушылар тест іркетін қарау немесе тест есебін көру кезінде қандай ақпаратты қарай алатынын анықтайды. (40-сурет)



40-сурет – Көру параметрлері

Әркет ету кезінде – элемент жасау кезінде пікірді көрсете алатын сұрақтардың (мысалы, **бірнеше әрекеті бар интерактивті**) кейбір режимдері үшін ғана маңызды.

Әркеттен соң шапшаң – элемент барлығын жіберу және тесті аяқтау батырмасын басқан соң бастапқы екі минут ішінде қолданылады.

Кейінірек алайда тест ашу кезінде – әрекеттен кейін екі минуттан соң және тесттің жабылуы күніне дейін.

Тест жабылған соң – тестің жабылу күнінен кейін . Егер тестте жабылу күні болмаса онда қаралым мүмкіндігі жоқ.

Әрекет – осыған қарамай білім алушы барлық әрекетті көре алады.

Жауап дұрыс па – **Дұрыс, жартылай дұрыс немесе дұрыс емес** мәтіндік және сол ақпаратты беретін түстік жарықтандыруды қарастырады.

Балл- әр бір сұраққа сандық бағалау жіне толық бағалау.

Нақты жауапқа пікір – білім алушы берген жауапқа тәуелді пікір.


Сұраққа жалпы пікір – білім алушыға жалпы пікір сұраққа жауап беру әрекет еткен соң көрінеді. Білім алушының берген жауап және сұрағының түріне байланысты нақты жауапқа пікірге қарағанда барлық білім алушыларға жалпы пікір жазылған бірдей мәтін көрінеді. Сіз білім алушыларға дұрыс жауапты көрсету үшін жалпы пікірді және сұрақты түнісуге қолдана алатын қосымша ақпаратқа сілтемені қолдануыңызға болады.

Дұрыс жауапқа – түйіндеме автоматты түрде түрлендіріледі. Бұл параметрді өшіру арқылы осы сұраққа жалпы пікірдегі, сіз қалаған жағдайда дұрыс жауапты түсіндіру үшін шектеуге болады.

Жалпы пікір – Жалпы пікір студент бағасына байланысты әркеттерді аяқтау бойынша беріледі.


Сыртқы түр бөлімшесі тестке қолданушы суретін бекіту, бағалау фомасын

көрсету (үтірден кейінгі белгі саны) түрінде тестің сыртқы түрін реттеуге мүмкіндік береді.(41-сурет)



41-сурет – Сыртқы түр

Әрекеттерге **Қосымша шектеулер** бөлімшесі (42-сурет).



42-сурет – Әрекеттерге қосымша шектеулер

Құпия сөз қажет егер құпия сөз берілген болса, онда білім алушы тест өту әрекетінен алдын парольді.

Жерілік мекен жай қажет оқытушыға үтірлермен бөлінген жартылай немесе толық IP-адресстер тізімін беру арқылы жергілікті желі немесе ғаламтордың анықталған ішкі желінен ғана тестке қол жетімдікке рұқсат етуге мүмкін береді. Тек анықталған аудиторияда ғана тест өткізгіңіз келген жағдайда ерекше тиімді болады.

Егер **Бірінші және екінші әрекеттер арасында мәжбүрлі тоқтау** элементі қосылғани болса, онда білім алушы тесттен өтудің екінші мүмкіндігінің алдында көрсетілген уақытта күту қажет болады.

Ал егер **келесі әрекеттер арасында мәжбүрлі тоқтау элементі** қосылған болса білім алушы тест өтудің үшінші және әрекеттердің басталуы алдында

көрсетілген уақытты көрсетуі қажет болады.

Қорытынды пікір бөлімшесі (43-сурет)

Қорытынды пікір бұл тестті өту әрекетінен соң көрсетілетін текст. Қорытынды пікір тексті бағалардың қосымша шекараларын көрсету кезінде алынған бағаларға тәуелді болады. (пайыз немесе сан түрінде)

43-сурет – Қорытынды пікір

Модульдің жалпы баптаулар бөлімшесі (44-сурет)

44-сурет – Модульдің жалпы параметрлері

Қол жетімділік элементінде оқытушы өз курсына көрсетуіне немесе жасыруына болады. Жасыру режимінде курсты модуль администратордан басқа ешкім көре алмайды.

Идентификатор элементі бағаларды есептеу кезінде курс элементін

сәйкестендіру тәсілін қамтамасыз ететін сәйкестендірілген номерді орнатуды білдіреді. Егер элемент бағаны есептеуге қатыспайтын болса инденцикация номер жолын бос қалдыруға болды. Сонымен қатар Идентификациялық номерді бағалау журналында орнатуға болады, алайда оны элементті түзету парақшасында ғана өзгертуге болады.

Топтық режим элементінің үш нұсқасы бар:


- **Топ жоқ** - барлық қатысушылар бір үлкен ұжымның мүшесі болып табылады;
- **Оқшауланған топтар** - әрбір топтың қатысушылары тек өз тобыда ғана жұмыс жасайды, басқа топтар оларға көрінбейді;
- **Көрінетін топтар** - әр топтың өз тобында ғана жұмыс жасайды, бірақ басқа топтарды көре алады.

Курс деңгейінде анықталған топтық режим курста жасалатын барлық элементтер үшін жасыру режимі болып табылады. Топтық режимді қолдайтын әрбір элемент үшін оның жеке топтық режимін көрсетуге болады. Егер курста мәжбүрлі топтық режим орнатылса, онда курстың кез келген элементіне топтық режим орнатылмайды.

Ал **ағын** элементі-бұл топ жиынтығы. Егер ағынды таңдасаңыз, онда ағындағы топтардың білім алушыларымен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.


Барлық параметрлерді өңдеу аяқталған соң, **сақтау және курсқа оралу** түймесін басыңыз.

Тест жасалғаннан кейін тест сұрақтарын тестіден импорттау үшін оған кіру қажет (45-сурет).




45-сурет – Тест құрылған элементі

Ашылған терезеде Сұрақ қосу түймесін басыңыз (сурет 46).




46-сурет – Сұрақ қосу түймесін

Сұрақ қосу батырмасын басқаннан кейін **Қосу** батырмасы ашылады (47-сурет).




47-сурет – **Қосу** батырмасы

Тізімнен жаңа сұрақты таңдап аламыз (48-49 сурет).




48-сурет – Тізімнен жаңа сұрақ элементі



49 сурет – Тестке қосу үшін сұрақ түрін таңдау

Moodle тестілік тапсырмаларда сұрақтардың бірнеше негізгі түрлері қолданылады:

Көпмөлшерлі таңдау (білім алушы өзіне ұсынылған бірнеше нұсқадан сұраққа жауапты таңдайды, ал сұрақтар бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды болжай алады) (50-сурет);



50-сурет – Сұрақтар түрінен көпмөлшерді таңдау

Дұрыс/дұрыс емес (студент **Дұрыс** және **Дұрыс емес** екі нұсқаның арасында таңдайды) (51-сурет);

Вопрос 2
Пока нет ответа
Балл: 1,00
Отметить вопрос
Редактировать вопрос

Свыше 30 поселений и более 150 могильников андроновской культуры найдены на территории:

Выберите один ответ:

Верно

Неверно

51-сурет – Сұрақтар түрі дұрыс/дұрыс емес

Сәйкестікке (бірінші топтың әрбір жауап элементіне екінші топтың жауап элементін салыстыру қажет) (52-сурет);

Вопрос 14
Пока нет ответа
Балл: 1,00
Отметить вопрос
Редактировать вопрос

Установите соответствие между расширением файлов и типом файла

Исполняемые программы

Графические редакторы

Текстовые редакторы

52-сурет – Сәйкестікке арналған сұрақтар түрі

Қысқа жауаптар (сөз немесе қысқа фраза сұраққа жауап болып табылады, әртүрлі бағалармен бірнеше дұрыс жауаптар жіберіледі) (53-сурет);

Вопрос 24
Пока нет ответа
Балл: 1,00
Отметить вопрос
Редактировать вопрос

Рабочий стол это:

53-сурет – Сұрақтар түрі қысқа жауаптар


Сандық (қысқа жауап сияқты, тек есептеу операцияларын орындауға ғана,

сандық жауаптың дұрыс мәннен ауытқудың қателігінен берілген шекті рұқсат етілген интервалы болуы мүмкін);

Есептеу (мұндай сұрақ формула бойынша мәнді есептеуді ұсынады. Формула әрбір тестілеу кезінде көрсетілген диапазондардың кездейсоқ мәндері қойылатын үлгі болып табылады);

Кірістірілген жауаптар берілген жауаптар қысқа жауаптар, сандық жауаптар немесе көпмөлшерлі таңдау сияқты «жұмыс дәптерінде» енгізілетін мәтін болып табылады;

Эссе (білім алушы қарастырылып отырған мәселеге өз көзқарасын қысқаша баяндайды) (54-сурет).



54-сурет – Сұрақтардың түрі эссе

2.2.7. Форум

Форум - курс қатысушыларының (білім алушылар мен оқытушылардың) курсты оқу кезіндегі қарым-қатынас құралы. Форум білім алушыларға сұрақтар қоюға және басқа білім алушылардың сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл курсты оқу процесінде дискуссияларды жүргізуге мүмкіндік береді (55-сурет).

Форум түрлері:

- *Әркім бір тақырыпты ашады* - форумның осы түрінде пайдаланушылар жасаған тақырыптардың саны шектеулі;
- *Қарапайым талқылау* - бір тақырыптан тұрады, талқылауды бір тақырыпқа ғана аудару үшін қолданылады;
- *Жалпы талқылауларға арналған стандартты форум* - ашық форум, онда әрбір адам кез келген уақытта жаңа тақырыпты бастай алады;
- *Стандартты форум блогқа ұқсас форматта көрсетіледі* – ашық форум, мұнда әркім кез келген уақытта жаңа тақырыпты аша алады және

талқылау тақырыптары осы тақырыпты талқылауға сілтеме жасай отырып, бір бетте көрсетіледі;

– *Форум және Сұрақ-Жауап* - сұраққа басқа жауаптарды көру үшін форумға қатысушы алдымен оған өзі жауап беруі тиіс.

55-сурет – Форум құруға арналған бет

! Міндетті түрде осы формадағы өрістерді толтыру қажет


Форумда пайда болған хабарлама курс қатысушыларына электрондық пошта арқылы автоматты түрде жіберіледі. Жіберу форумда хабар шыққаннан кейін 15 минуттан кейін жүзеге асырылады.

Хабарламаларды тек тіркелген пайдаланушылар ғана қалдыра алады, форум тарихын қонақ көре алады.

Форум білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара іс-қимылының **асинхронды** әдісі болып табылады.

2.2.8. Сұхбат

Қызықты курсқа **Сұхбатты** қосу үшін таңдау қажет **Сұхбат** (56-сурет).



56-сурет – Сұхбатты құруға арналған бет

Сұхбат модулі курс қатысушыларына Интернет арқылы нақты уақытта бірлескен талқылаулар өткізуге мүмкіндік береді. Чаттарды оқытушыларға онлайн кеңес беру үшін пайдалануға болады.

Әр қатысушы өзіне ыңғайлы уақытта хабар жібере алатын форумға қарағанда, барлық чат қатысушылары өздерінің компьютерлеріне бір мезгілде жиналады, сондықтан әрбір хабарламаға жауап беру уақыты сағат пен күндермен емес (форумдағы сияқты), секундтармен өлшенеді.





Рисунок 57 – Чат баптаулары

! Сұхбатты өткізу туралы білім алушылар алдын ала хабарландырылады.

3. MOODLE ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАҒАЛАУ


3.1 Баға қою

Білім алушы тапсырманы орындағаннан кейін оқытушы оны тексеріп, баға қою керек. Белгілі бір аптаның тапсырмасын таңдау үшін **барлық бағаларды қарау** батырмасын басу қажет (57-сурет).




57-сурет – Бағалау беті

Егер оқытушы баптауды жүзеге асырған болса, онда **Дәреже** бағанында осы тапсырмаға білім алушылардың жауаптарының бар-жоғы туралы ақпарат көрсетіледі. Файл жүктелгенде **Түсініктемеге жауап** бағанында (0) түсініктеме пайда болады (58-сурет).




58-сурет – Білім алушылардың бағаларын қарауға арналған бет

Кейін Бағалауға батырмасын басу керек. Және білім алушыларға бекітілген файл ашылады. Баға енгізу бағанында орындалған жұмыс үшін 100-дейін Бағалау және Сақтауға басу қажет. (59-сурет).




59-сурет – Жауапты көру беті

Курсқа кері қайту үшін сол жақ жоғарғы бұрышындағы курс атауына басу қажет (60-сурет).



60-сурет – Курсқа кері қайту


Негізгі бетте **Бағалар** қойылғаннан кейін – **Бағаланды** деген дәреже шығады.(61-сурет).



61-сурет – Бағалаудың нәтижелерін қарау


3.2. Бағалау туралы есеп

Қорытынды бағаларды қарау үшін пән бойынша Moodle ҚОЖ Бағалау тобына өту қажет (62-сурет).



62-сурет – Пәнді бағалау беті

Есептерде нақтылауға болады: **Бағалау бойынша есеп**, **Пайдаланушылар бойынша есеп**, **Көрсеткіштер бойынша есеп**, **Бағалау тарихы** (63 сурет).



63-сурет – Пайдаланушылар бойынша есеп беті

СІЛТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР

LMS Moodle ресми сайты <https://moodle.org/>

ҚОЖ Moodle КазНУ им. аль-

Фараби <http://dl.kaznu.kz/>

АИС Univer <https://univer.kaznu.kz/>

<http://www.interobuch.ru>

<http://www.distance->

[learning.ru](http://www.distance-learning.ru)

<http://www.gdenet.ru>

<http://www.cisbaltic-odl.org/>

<http://узнай-научись.рф/internet/22-moodle>